

Қазақтың спорт
және туризм
академиясы



Казахская
академия спорта и
туризма

Педагогтың кәсіби өзін-өзі тануы

Орындаған: Асильбеков Е.С.

Тобы: ФОС 1/2

Тексерген: Даулетова А.С.

Алматы, 2018

Педагог тәрбиеші. Педагог қандай да бір бағытты қаламасын, қандай міндеттерді шешпесін, негізгі қызметі- тәрбиешілік. Тәрбие үрдісі тәрбиеленушілердің алуан түрлі іс-әрекеттерін (ойын, оқу, еңбек, жеке, ұжымдық) педагогикалық басқару негізінде жүзеге асады.



Ұстанымдары:

- ✓ өз-өзіне сенім – бұл өмірдің негізі;
- ✓ педагогтың әсері саналы стратегиялық мақсатқа бағынуы тиіс;
- ✓ кәсіби рефлексия, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуға қабілеті;
- ✓ балалардың өзін-өзі көрсетулерінің алуан түрлілігіне дене және сөз реакцияларының вариативтілігімен жауап беру қабілеті;
- ✓ психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеру оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- ✓ ашық жарқындылық және балалармен қарым-қатынас жасаудың табиғи дарыны, жан жүрегімен қызмет етуге дайындылығы.



Педагогтың этикасы:

- педагог өзін-өзі тануға, өзін-өзі жеңуге және өзін-өзін өзгертуге дайын және қабілетті болуы керек;
- баланы сөзсіз қабылдау;
- баланың тұлғасын және өмірлік тәжірибесін құрметтеу;
- өзінің іс-әрекетін құпиялыққа негіздеу;
- кез-келген жағдайда баланы жақтау, қорғау, өйткені баланың үлкендерге қарағанда қателесу құқығы бар;
- жылы, шынайы өзара қарым-қатынастың дамуына ықпал ету;
- баланың сеніміне мұқият қарау. Балалардың құпияларын сақтай алу;
- балалар мен әріптестеріне мейірімді, сабырлы, шынайы бола білу.

Педагогтың кәсіби қызметіне қойылатын стандарт талаптар

- 1. Білімді болу. Бір кісі педагогты айсбергке теңеген екен. Айсбергтің ұшар басы ғана жұртқа көрінеді, ал тереңде қандай қуатты күш жатқанын білетіндер аз. Әр педагог ең алдымен жоғары білімді, дүниетанымы кең адам болуы тиіс.*
- 2. Балаларды жақсы көру және олармен тіл табыса білу – мұғалімнің кәсіби қасиеттеріне қойылатын басты талаптардың бірі. Тек балаларға деген шынайы қатынас, олардың басына білім салып, ойлануды үйретуге деген шынайы ниет қана мұғалімге кәсіби қызметінде биік нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.*



Педагогтың кәсіби қызметіне қойылатын стандарт талаптар

3. Оқыту әдістемелерін меңгеру де – педагогтың ажырамас кәсіби қасиеті. Педагог ондай әдістемелерді неғұрлым жақсырақ меңгерсе, оның сабақтары да соғұрлым жемісті болмақ.

4. Сабақтың құрылымына, материалды баяндауға шығармашылық тұрғыдан қарау. Әр жаңа сабақ – баяндалатын материалды қайтадан «бастан кешіру». Ол неғұрлым қызықтырақ ұсынылса, оқушылар да оны оңайырақ игереді.

5. Баланың әр жасына лайық психологияны білу. Бұл педагогтың негізгі білімдерінің бірі, ол оқушылардың көптеген қылықтарының себептерін анықтауға көмектеседі.



Мұғалімнің тұлғасын тұтастай алып қарау, әрқайсысының жеке ерекшеліктерін де қоса қарастырады. Сонымен ХХІ ғасыр мұғалімнің тұлғасы қандай болу керек деген сұрақтың төңірегінде ой толғау.

Педагог

Зиялы тұлға

Шығармашыл
тұлға

Рухани
бай тұлға

Адамгершілігі
мол, мейірімді
тұлға

Еркін тұлға

Бәсекелестік
тұлға



- **Педагог – зиялы тұлға.** *Өзін жинақы, сүйкімді ұстайды. Прогрессивті көзқарастарды алға тартады.*
- **Педагог – рухани бай тұлға.** *Оның рухани байлығы балаға деген махаббатынан, жоғары адамгершілік және ұят сезімінен көрінеді.*
- **Педагог – шығармашыл тұлға.** *Ол бірсарындылықты ұнатпайды, сондықтан үздіксіз ізденіс үстінде, жаңашыл.*
- **Мұғалім – еркін тұлға.** *Оның еркіндігі өмірде және кәсіби қызметте мәдениет әлемінде өз орнын табуынан көрінеді. Оның еркін ой - пікірі және кәсіби жауапкершілікті сезінуімен тұтастықта.*
- **Педагог – адамгершілігі мол, мейірімді тұлға.** *Бүкіл тіршілік атаулыға, әсіресе балаға үлкен сүйіспеншілікпен қарайды.*
- **Педагог – бәсекелестікті тұлға.** *Жоғары кәсіби шеберлікті меңгеру үшін рынок жағдайында өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін біліп, мықты жақтарына сүйене отырып, әлсіз жақтарын жетілдіріп отыру керек.*

Назарларыңызға
рахмет!

